# МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, ШЕКАРАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ

# ХАБАРЛАМА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 11 ақпандағы №1170 Жарлығына, «2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы 2026 жылғы 12 ақпандағы №6/10 қаулысына сәйкес, Мұнайлы ауданының аумақтық референдум комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

**Мұнайлы ауданының аумақтық референдум комиссиясы**

Маңғыстау ауылы, № 24 квартал, «Фариза Оңғарсынова атындағы» мәдениет үйі МКҚК № 32 ғимарат, телефон: 87292 (код) 30-11-06

Төраға – Сулейменов Бейимбет Абдыкадырович
Төраға орынбасары – Нұрболат Зәуреш
Хатшы – Селиков Акмурат Кадырович
Комиссия мүшелері: Аймурзаева Эльмира Асановна, Калменова Гулшат Медетбаевна, Тулкібай Бекболсын Қаржауұлы, Тажиев Нурлыбек Хасанович

Аумақтық референдум комиссиясының жұмыс уақыты: сағат 09.00-18.30, үзіліс 12.30.-14.00

**Мұнайлы ауданының учаскелік референдум комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама**

### № 193 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, Есмәмбет көшесі, № 33 а, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің Шоғы Мұңалұлы атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-57-89

Шекарасы: Маңғыстау ауылының Есмәмбет, А. Оңғарбекұлы көшелерінің барлық тұрғын үйлері; № 39, 40, 41, 42, 48, 61, 62, 63, 63 А, 63 Б, 63 В, 63 Г, 64, 64 А, 64 Б, 64 В, 64 Г, 65, 66, 67, 68, 69, 81, 82, 83, 83 А, 84, 85, 85 А, 85 В, 86, 88, 88 А, 88 Б, 88 В, 88 Г, 88 Д, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 96 А, 96 Б, 97, 98 тұрғын үйлері

Төраға – Бөкен Жамал Спанқызы
Төраға орынбасары – Истлеу Гульминур Шамгуньқызы
Хатшы – Жұбан Гауһар Пірмұханбетқызы
Комиссия мүшелері: Камай Фатима Дарменқызы, Бітімбай Қонысбек Рахатұлы, Тулкибаева Улжан Карджаубаевна, Мыжыкова Ольга Байрамгелдиевна

### № 194 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, 18 квартал, № 5, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 1 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-57-70

Шекарасы: Маңғыстау ауылының № 22 кварталының барлық тұрғын үйлері; № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 тұрғын үйлері, «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі «2025 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

Төраға – Назарова Алтынгуль Чаршанбаевна
Төраға орынбасары – Тулеубаева Гулбану Сарсембаевна
Хатшы – Әлкеева Айғаным Бисенқызы
Комиссия мүшелері: Нияздурдыева Айгерим Рустемқызы, Абдуллина Акмарал Ашировна, Истурганова Улмекен Етгиргеновна, Аманжулов Ерлан Муратович

### № 195 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, Есмәмбет көшесі, № 33 а, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің Шоғы Мұңалұлы атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-58-41

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, № 1а 2б, 1в, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 орамдардың, Ақ Еспе тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Зулкарнаева Баян Байболатовна
Төраға орынбасары – Ермаков Асқар Убайдуллаевич
Хатшы – Епенова Жамал Лескеновна
Комиссия мүшелері: Калымова Анар Тумарбековна, Нуралиев Аманкелди Муратбаевич, Абиев Мурат Костаевич, Сисенбаева Гаухар Бакитовна

### № 196 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің № 11 жалпы білім беретін мектеп КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-46-70

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, Бозжыра тұрғын үй алабының барлық тұрғын үйлері, Шерқала тұрғын үй алабының № 1-200 үйлері

Төраға – Инирғалиева Асемгул Нурымовна
Төраға орынбасары – Кулов Куат Ратбаевич
Хатшы – Ойдулла Әсел Нұрадуллақызы
Комиссия мүшелері: Кеңешова Фатима Берікқызы, Тлавгазиев Женис Саттигулович, Карасаева Камила Джаксылыковна, Исанова Жансая Мелисхановна

### № 197 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 8 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-94-54

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, Бесшоқы т.м., №427-883 үйлері

Төраға – Аймағанбетов Тойлыбай
Төраға орынбасары – Ахметов Нуркен Ыбрайымгалыевич
Хатшы – Уразбаева Шолпан Сатыбалдықызы
Комиссия мүшелері: Сатыпалдиев Абай Беккалиұлы, Халлыева Салтанат Самархановна, Аманов Айтқали Карабалаевич, Тасбулатов Талгат Сансызбаевич

### № 198 референдум учаскесі

Баянды ауылы, Баянды-3 тұрғын үй массиві, №555, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 3 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-72-08

Шекарасы: Баянды ауылының Баянды-1, Баянды-2 тұрғын үй массивтерінің, Үлкен Емір, Кіші Емір, Құйылыс елді мекендерінің, № 16 темір жол бекетінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Акниязова Гүлбакыт Танжарбаевна
Төраға орынбасары – Джумагалиев Нурпейс Аманжолович
Хатшы – Асамбай Айжан Қасымқызы
Комиссия мүшелері: Айбергенова Зина Мырзабековна, Нұрболат Балерке Лауединқызы, Алимбаев Ерлан Бахтыгалиев, Дуйсенбаев Муналбай Сарсенбаевич

### № 199 референдум учаскесі

Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын үй массиві №800, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 7 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8778 (код) 474-17-61

Шекарасы: Атамекен ауылдық округінің Болашақ, Туған ел тұрғын үй массивтерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Джангалиева Гүлнұр Чавдырбаевна
Төраға орынбасары – Талғатбеков Нұрсұлтан Исабекұлы
Хатшы – Кайрошова Люда Бекмуратовна
Комиссия мүшелері: Толегенова Бибигул Жолтыхановна, Ахметова Айгерім Мерекеқызы, Унгарбаев Асанбек Серикович, Утегенова Ботагоз Есенгалиевна

### № 200 референдум учаскесі

Атамекен ауылдық округі, Жалын тұрғын үй массиві № 495/6, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты,
телефон: 8778(код) 474-17-64

Шекарасы: Атамекен ауылдық округінің Арман тұрғын үй массивінің, Арай тұрғын үй массивінің Бейбітшілік, Райхан, Рауан, Ақиқат, Ықылас көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Нұрлібек Өркен Исаұлы
Төраға орынбасары – Абдымутов Мирамбек Бегалыевич
Хатшы – Искали Айдана Бекмурадқызы
Комиссия мүшелері: Таяубергенова Зейнеп Нурбергеновна, Аманжол Әлимахан Бақытқызы, Таңатаров Ануарбек Таңатарұлы, Меңдіқұл Бекарыс

### № 201 референдум учаскесі

Атамекен ауылдық округі, Жалын тұрғын үй массиві №495/12, «I.Altynsarin Scool-Lyceum» жекеменшік мектеп ғимараты, телефон: 8778 (код) 474-17-95

Шекарасы: Атамекен ауылдық округінің Қаламқас тұрғын үй массивінің № 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Пирназаров Ерлан Сагинбайұлы
Төраға орынбасары – Каржауов Жанибек Сарсенбекұлы
Хатшы – Унгарбаева Кундыз Амандыкқызы
Комиссия мүшелері: Нұрмұқан Гауһар Төрешқызы, Тәңірбергенов Әскербек Ермұханұлы, Сайитмухаммедов Ират Элибоевич, Нурлыханова Асия Сергеевна

### № 202 референдум учаскесі

Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын массиві, № 3/9, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 7 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8778 (код) -474-17-62

Шекарасы: Атамекен ауылдық округінің Көктем тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері, Болашақ тұрғын үй массиві, Жадыра, Ақжелкен, Темірқазық, Өркен, Самал, Шапағат көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Өрнекешова Роза Жұмақызы
Төраға орынбасары – Нұрбаева Қансұлу Дуйсеновна
Хатшы – Каракулова Акмарал Азбековна
Комиссия мүшелері: Салауова Галия Мырзабековна, Келимбердиева Айсулу Избасаровна, Райсов Кабланджан Избасарович, Туребаев Канат Маратович

### № 203 референдум учаскесі

Басқұдық ауылдық округі, Рахат тұрғын үй массиві, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 9 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-70-11

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Маржан тұрғын үй массиві, Рауан, Жазира, Жетісу, Нұрсәт, Шұғыла, Шаттық, Өркен, Бәйтерек, Бейбітшілік, Сұңқар, Жігер, Еңбекші, Арай көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Наурзаков Абдулкаир Хушжанбаевич
Төраға орынбасары – Баймуратов Акылбек Кыдырхожаевич
Хатшы – Дурдимиратова Дурсун Ирназаровна
Комиссия мүшелері - Тулинова Гульсара Джангирхановна, Есетова Оразгул Базарбайқызы, Келмаганбетов Бекболат Елубаевич, Максутов Абылайхан Хаджигалиович

### № 204 референдум учаскесі

Басқұдық ауылдық округі, Болашақ тұрғын массиві, № 284, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 14 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-43-10

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Басқұдық тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері, Болашақ тұрғын үй массиві, Жеңіс, Тамшалы, Шағала, Атамекен, Наурыз, Таңшолпан, Самал, Достық көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Кудашев Бауыржан Хыдырбаевич
Төраға орынбасары – Наубетова Нуржамал Джангирхановна
Хатшы – Сеитова Анара Женисбековна
Комиссия мүшелері: Бақтыбаева Зульфия Ренатовна, Шілдебай Қабыл Абдірахманұлы, Назаров Ғабит Батырханұлы, Тугайбаева Сандуғаш Нурмуханмедовна

### № 205 референдум учаскесі

Басқұдық ауылдық округі, Жаңа Қоныс тұрғын үй массиві, Маната көшесі №271, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 16 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-70-10

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Жаңа қоныс тұрғын үй массиві, Жадыра, Шапағат, Мирас, Маусым, Темірқазық, Саура, Гүлмайса, Балауса, Арман, Қызғалдақ, Думан, Алау, Отпан, Жаңа құрылыс көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Черкешбаев Нурсултан Оракбаевич
Төраға орынбасары – Байтлеуова Зылыха Уришановна
Хатшы – Кенжебаева Жанар Аманбаевна
Комиссия мүшелері: Саламатова Асемай Айбергеновна, Тілегенов Рахат Тілегенұлы, Оңдабай Жаңабай Қалниязұлы, Жұмасат Тұрсынбек Бисенбекұлы

### № 206 референдум учаскесі

Басқұдық ауылдық округі, Рахат тұрғын массиві №6, Мұнайлы аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Басқұдық ауылдық округінің балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-56-96

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Рахат тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Сабытаев Отеген Сарсенович
Төраға орынбасары – Умбетов Ерлан Асқарович
Хатшы – Тусбаева Айнагуль Алиева
Комиссия мүшелері: Дуйсенкалиев Азат Туралыевич, Жусипов Досболат Туленбекович, Караджанова Балзира Алиевна, Курбанбаев Куандык Аскарович

### № 207 референдум учаскесі

Қызылтөбе ауылдық округі, Желтоқсан көшесі №30, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қызылтөбе лицейі» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-41-95

Шекарасы: Қызылтөбе ауылдық округінің Бірлік, Ынтымақ елді мекендерінің, Жаңалық, Маусым, Желтоқсан, Уәлиханов, Абай көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға- Кыдыров Жакен Сагымбаевич
Төраға орынбасары – Буркутов Саламат Ырзагалыевич
Хатшы – Муринова Айсулу Тайлекеновна
Комиссия мүшелері: Кадирова Асель Табынаевна, Еркінбаева Күмісай Тоғанбайқызы, Бисенов Берик Аскарулы, Тойкулиева Айнур Бахытбаевна

### № 208 референдум учаскесі

Қызылтөбе ауылдық округі, Желтоқсан көшесі №30 Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 2 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-42-00

Шекарасы: Қызылтөбе ауылдық округінің Әуезов, Мәметова, Молдағұлова, Сағыныш, Иманов көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Жиенбаев Ернар Аширулы
Төраға орынбасары – Бердыгулов Ерлан Амангельдыевич
Хатшы – Клычниязова Айман Жайлауовна
Комиссия мүшелері: Бекова Ардак Рысбердиевна, Турлиев Колканат Суннетбаевич, Қызыл Мөлдір Махмедқызы, Турсынбекова Насихат Сериккызы

### № 209 референдум учаскесі

Қызылтөбе ауылдық округі, Желтоқсан көшесі №30 Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 2 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-42-24

Шекарасы: Қызылтөбе ауылдық округінің Атамекен, Жамбыл, Арай, Наурыз, Мереке, Болашақ, Достық, Түркістан көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Каратуранова Галия Демегеновна
Төраға орынбасары – Сагиева Жазира Хаитбаевна
Хатшы – Туракбаева Махаббат Жайлыбаевна
Комиссия мүшелері: Оспан Мирас Усенұлы, Қоңырбаева Динар Қайырбекқызы, Слах Қанат Дәулетниязұлы, Арыкбаева Бактугул Жангирхановна

### № 210 референдум учаскесі

Қызылтөбе ауылдық округі Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№13 мектеп-гимназия» КММ ғимараты,
телефон: 87292 (код) 34-71-93

Шекарасы: Қызылтөбе ауылдық округінің Құбыла, Балауса, Мыңбаев, Есір, Нұрым, Шабай, Алшын, Қосымбаев, Мәтжан, Құлбарақ көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Нсанбаев Сагира Мухтовна
Төраға орынбасары – Мусаева Фарида Тувелбаевна
Хатшы – Серикова Акшолпан Айытгуловна
Комиссия мүшелері: Нуртореев Бегзат Абдоллаұлы, Сатанов Берик Баянович, Унайбаева Айнур Едиловна, Жоламанова Каламкас Парахатовна

### № 211 референдум учаскесі

Қызылтөбе ауылдық округі, Қызылтөбе-2 тұрғын үй массиві, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-30-42

Шекарасы: Қызылтөбе ауылдық округінің Қызылтөбе-2 тұрғын үй массивінің № 1-885 тұрғын үйлері

Төраға – Суюнова Жадыра Базаровна
Төраға орынбасары –Колхозов Касымжан Серикулы
Хатшы – Жаксылыкова Рая Усеновна
Комиссия мүшелері: Казтурганова Тыныштық Зиятдиновна, Атшыбаева Самал Нурлыбаевна, Николай Гұлжан Сағызбайқызы, Турбаева Амангул Ходжабаевна

### № 212 референдум учаскесі

Дәулет ауылдық округі, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің №4 жалпы білім беретін мектеп КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-98-21

Шекарасы: Дәулет ауылдық округі, Жаңа Дәулет тұрғын массивінің №1-782 тұрғын үйлері

Төраға- Дайнашов Ербол Латипович
Төраға орынбасары – Акылбаева Журсинай Жаксылыковна
Хатшы – Түркменбаева Манар Серикбаевна
Комиссия мүшелері: Бекенов Оразгелді Қадырманович, Базарова Айгул Мухановна, Толенова Асыл Элимовна, Дуйсенбаева Орынгуль Шадирбаевна

### № 213 референдум учаскесі

Дәулет ауылдық округі, Мұнайлы аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мұнайлы ауданы Дәулет ауылдық округінің балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-98-28

Шекарасы: Дәулет ауылдық округінің барлық кварталының тұрғын үйлері мен №1-107 тұрғын үйлері

Төраға – Тенизбаева Гульзия Бектуровна
Төраға орынбасары – Калменова Жадыра Адамовна
Хатшы – Сулейменова Амангул Халдыбаевна
Комиссия мүшелері: Искараева Генджегуль Шарапиевна, Самандарова Камар Бердибаевна, Малаева Лаззат Рустамовна, Тажибаев Ерлан Максутович

### №214 референдум учаскесі

Батыр ауылдық округі, Емір шағын ауданы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№10 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-11-32

Шекарасы: Батыр ауылдық округінің Емір және Хазар шағын аудандарының барлық тұрғын үйлері

Төраға – Абдыкадырова Кумисай Кансултановна
Төраға орынбасары – Базарова Алтынгуль Беркиновна
Хатшы – Елубаев Сержан Хожахметұлы
Комиссия мүшелері: Білəл Алпамыс Нұрқасымұлы, Калдыкулова Айнаш Гаражауновна, Қабатбаев Ерназар Сансызбайұлы, Искаков Рахат Мауленович

### № 215 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№11 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты,телефон: 87292 (код) 30-46-70

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, Шерқала тұрғын үй массивінің № 201-883 тұрғын үйлері

Төраға – Адилбекова Каршигул Хамзахоновна
Төраға орынбасары – Асганбаев Айдымбек Нурединович
Хатшы – Тажибаева Марзия Жаксылыковна
Комиссия мүшелері: Махамбетова Марзия Туркменбаевна, Қаршыға Аралбай Батырғалиұлы, Биманова Толганай Хожахметовна, Темирова Бибижан Нурсултановна

### № 216 референдум учаскесі

Атамекен ауылдық округі, Жалын тұрғын массиві, № 495/1, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8778 (код) 474 -17 -63

Шекарасы: Атамекен ауылдық округінің Атамекен тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Титанов Қайрат Үсенұлы
Төраға орынбасары – Басбаев Есболсун Оразалиевич
Хатшы – Колешова Меруерт Кадирбаевна
Комиссия мүшелері: Убайдуллаева Марал Султановна, Нарсултанова Айгерим Куралбаевна, Жексенбаева Жанар Сүндетбаевна, Қожымова Назерке Мақсатқызы

### № 217 референдум учаскесі

Атамекен ауылдық округі, Жалын тұрғын массиві, № 495/1, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8778 (код) 474-17-94

Шекарасы: Атамекен ауылының Жалын тұрғын үй массивінің; Арай тұрғын үй массивінің Қызғалдақ, Гүлмайса, Достық көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Суюнов Бердіхан Құлбергенович
Төраға орынбасары – Дошанов Нуржан Кенесович
Хатшы – Кожахметов Сәкен Кожахметович
Комиссия мүшелері: Кошгелдыева Талшын Биссимилаева, Исқали Самал Бекмурадқызы, Калпакбаев Сулейман Даутович, Серік Жасұлан

### № 218 референдум учаскесі

Басқұдық ауылдық округі, Алау тұрғын үй массиві, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-70-05

Шекарасы:Басқұдық ауылдық округінің Алау тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері

Төраға – Жумамуратов Асхат Сабитулы
Төраға орынбасары – Юсупов Нурахмет Сейтжанович
Хатшы – Науашова Айымгул Байжумаевна
Комиссия мүшелері: Сапарбаев Нурбол Доскалиевич, Сапарбай Дариға Сарсенбайқызы, Бекбосынова Жанар Адилгалиевна, Конарбаева Лариса Конысбаевна

### № 219 референдум учаскесі

Маңғыстау ауылы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-94-57

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, Бесшоқы тұрғын үй массивінің № 884-1320 тұрғын үйлері

Төраға – Нурбаева Акмарал Дуйсеновна
Төраға орынбасары – Жанкулиев Жолдас Хайруллаевич
Хатшы – Сисембай Анар Нұргелдіқызы
Комиссия мүшелері: Успанов Ержан Оразбаевич, Ибадуллаева Меруерт Насировна, Базарбаева Курбангул Дузбаевна, Алдабергенов Самат Бердиханович

### № 220 референдум учаскесі

Қызылтөбе ауылдық округі, Қызылтөбе-2 тұрғын массиві, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон:87292 (код) 30-50-25

Шекарасы:Қызылтөбе ауылдық округінің Қызылтөбе-2 тұрғын үй массивінің № 886-1624 тұрғын үйлері

Төраға – Бектегенова Жанат Абаевна
Төраға орынбасары –Орынбаев Ертай Эмижанович
Хатшы – Нурмаганбетова Майра Калдыбаевна
Комиссия мүшелері: Кайрбаев Айгали Алтыкарович, Таджибаева Телектес Джалгашовна, Калменова Тураш Адамовна, Төлеген Бердіхан Айдарбекұлы

**№ 221 референдум учаскесі**

Қызылтөбе ауылдық округі, Балауса көшесі, 9 квартал, №26/6 Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің №13 мектеп-гимназия» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-71-96

Шекарасы:Қызылтөбе ауылдық округінің Қызылтөбе-2 тұрғын үй массивінің № 1625-2034 тұрғын үйлері; Досан, Асаубарақ, Сүгір, Атагозы, Тобанияз көшелерінің барлық тұрғын үйлері

Төраға- Сакабаева Сауле Наурузбаевна

Төраға орынбасары – Ізтұрғанова Айбала Алымқызы

Хатшы – Абдығалі Куаныш Асқынұлы

Комиссия мүшелері: Масалимова Гульмира Сатыбалдиевна, Қолат Набат Нұғыманқызы, Кете Зауреш Жақслыққызы, Турсунбекова Шара Толегеновна

**№222 референдум учаскесі**

Батыр ауылдық округі, Алматы шағын ауданы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№15 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-07-59

Шекарасы: Батыр ауылдық округі, Алматы шағын ауданының №1, 2, 3, 4 көшелерінің барлық тұрғын үйлері, Болашақ шағын ауданының барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Кенджебаева Айсулу Муратовна

Төраға орынбасары – Аманов Ербол Раимбердиевич

Хатшы – Суевбаева Журсинай Амангалыевна

Комиссия мүшелері: Калдыкулов Кенжебай Бегенджанович, Серикбаева Нуржамал Мейлимовна, Жарбаев Акжигит Майлыбайулы, Нұрманова Тұрсынай Қуанышқызы

**№ 223 референдум учаскесі**

Баянды ауылы, Баянды-3 тұрғын массиві № 555, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-72-08.

Шекарасы: Баянды ауылының Баянды-3 тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға- Курпаев Нұралы Жасөмірұлы

Төраға орынбасары – Жанбырбаев Айдос Нуржанулы

Хатшы – Абай Гауһар Есенғалиқызы

Комиссия мүшелері: Хансултанова Гулзихан Музановна, Қуатова Айнагуль Сабиркуловна, Дауенова Айгул Тояновна, Турсынбаева Айдана Әділбекқызы

**№ 224 референдум учаскесі**

Маңғыстау ауылы, № 32 ғимарат, Мұнайлы аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Фариза Оңғарсынова атындағы аудандық орталық мәдениет үйі» МКҚК ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-27-83

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, Айрақты тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері, Шапағат көшесінің барлық тұрғын үйлері, № 13, 14 орамдардың барлық тұрғын үйлері.

Төраға- Қадырмұханбет Шолпан Күйкенбайқызы

Төраға орынбасары – Жұмабай Ерлан Рзабекұлы

Хатшы – Ержанова Рахия Кулбаевна

Комиссия мүшелері: Кулов Арман Ратбаевич, Смагулова Сауле Шахыбаевна, Камаева Гүлерке Дарменовна, Таугалиева Лаззат Борисовна

**№ 225 референдум учаскесі**

Маңғыстау ауылы, 14 квартал № 7/3, Мұнайлы аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-50-91

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, № 16, 17, 18, 19, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 43, 44, 45, 46, 47, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 70 а,70 б, 70 в 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 99, 101, 102, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119 үйлер, № 15 орамдарының барлық тұрғын үйлері.

Төраға- Жұпбан Елтай Шырақбайұлы

Төраға орынбасары – Сагидулла Мадияр Жақсылықұлы

Хатшы – Олжабай Гулзада Қажымқызы

Комиссия мүшелері: Аяганова Айша Догтырбаевна, Меришов Аскар Женисович, Байсейтова Назгул Советовна, Балгожаева Гулара Сметовна

**№ 226 референдум учаскесі**

Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын үй массиві №740, «Smart Ilim мектеп - гимназиясы» жекеменшік мектеп ғимараты, телефон: 8778 (код) 474-17-89

Шекарасы: Атамекен ауылдық округінің Темір су, Шағала тұрғын үй массивтерінің, Қаламқас тұрғын үй массивінің 1, 2 көшелерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға- Қиынбаева Бибинур Сагидуллаевна

Төраға орынбасары – Таттыбаев Кублан

Хатшы – Елубаева Кунсулу Хожахметовна

Комиссия мүшелері: Эминов Хыдырбай Тажигулович, Бақытбек Жангуль Бақытбекқызы, Полатова Асима Урынбасаровна, Орынбасаров Ерлан Базарбаевич

**№ 244 референдум учаскесі**

Атамекен ауылдық округі, Қаламқас тұрғын үй массиві №800, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№7 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8778 (код) 474-17-91

Шекарасы:Атамекен ауылдық округінің Тамшалы тұрғын үй массивінің барлық тұрғын үйлері, Болашақ тұрғын үй массиві, Жұлдыз, Болашақ, Ғарыш, Наурыз көшелерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға- Алигулова Джамал Сапарбаевна

Төраға орынбасары – Ақжігіт Асылзат Мыратбайұлы

Хатшы – Дебилова Райла Суюновна

Комиссия мүшелері: Таиров Асылбек Шарафадинович, Молдабеков Исатай Аскерович, Ибраева Эльвира Исатаевна, Балтабаева Камшат Қарасайқызы

**№ 245 референдум учаскесі**

Басқұдық ауылдық округі, Жаңа Қоныс тұрғын үй массиві, Маната көшесі №271, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№16 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-70-16

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Маржан тұрғын үй массиві, Салтанат, Сарыарқа көшелерінің барлық тұрғын үйлері, Болашақ тұрғын үй массиві, Әділет, Ынтымақ көшелерінің барлық тұрғын үйлері, Жаңа қоныс тұрғын үй массиві, Береке, Ақеспе, Бесшоқы, Інжу, Шалқар, Маната, Айрақты көшелерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Усенбеков Кудирет Сапаралиевич

Төраға орынбасары – Кузембаев Азамат Мурадович

Хатшы – Юнусова Клара Нургелдиевна

Комиссия мүшелері: Беғалы Досымжан Ерланұлы, Эсжанов Женис Уразбаевич, Масатаева Шолпан Майрамбаевна, Хожанепес Оралбек Жарасбайұлы

**№257 референдум учаскесі**

Батыр ауылдық округі, Емір шағын ауданы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№10 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-11-33

Шекарасы: Батыр ауылдық округі, Астана шағын ауданының барлық тұрғын үйлері, Шерқала шағын ауданының №1, 2, 3, 4, 5, 6 көшелерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Ершаев Руслан Вайтахунович

Төраға орынбасары – Еламанов Абзал Нұрланұлы

Хатшы – Джанаева Мадина Майрамовна

Комиссия мүшелері: Жолдасбаева Гаухар Наурызқызы, Байсагенов Нұржан Тойлиевеич, Исакова Жансая Мауленқызы, Қабатбаев Сансызбай Матджанович

**№258 референдум учаскесі**

Батыр ауылдық округі, Алматы шағын ауданы, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№15 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-32-01

Шекарасы: Батыр ауылдық округі, Алматы шағын ауданының №5, 6, 7, 8, 9 көшелерінің барлық тұрғын үйлері, Самал шағын ауданының барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Титанов Дәрмен Усенович

Төраға орынбасары – Арсланбаев Жаныбек Омурбекулы

Хатшы – Жолмаганбетова Каламкас Куанбаевна

Комиссия мүшелері: Бердиев Нұрлан Еламанұлы, Қонұсбаева Әлия Ізбасарқызы, Кенджебаева Айгуль Муратовна, Сагиданова Молдир Маратовна

**№ 260 референдум учаскесі**

Басқұдық ауылдық округі, Болашақ тұрғын массиві, № 284, Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№14 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 34-43-11

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Басқұдық тұрғын үй массивтерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Омриузакова Равшан Кувановна

Төраға орынбасары – Базарбаева Жарасхан Бердихановна

Хатшы – Сахатова Турдыгул Аралбаййкызы

Комиссия мүшелері: Нурсултанова Нурия Бисенбаевна, Конебаева Сулу Омирбаевна, Тугузбаев Максат Сарсенович, Эсенгалиев Еркин Орунбаевич

**№ 261 референдум учаскесі**

Басқұдық ауылдық округі, Самал тұрғын массиві, Шерқала көшесі, Басқұдық ауылылының «Мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 30-70-12

Шекарасы: Басқұдық ауылдық округінің Самал тұрғын үй массивтерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға – Койманова Рабига Изтургановна

Төраға орынбасары – Рауажова Нурила Буркитбаевна

Хатшы – Айтбекова Гульнур Ерлановна

Комиссия мүшелері: Улмаганбетова Арайлым Сергейевна, Оңдаш Берік Болатұлы, Жумабаева Райхан Таджимовна, Унгарбаева Акмарал Абайқызы.

**№ 262 референдум учаскесі**

Мұнайлы ауданы Бесшоқы тұрғын үй массиві №448/3, Мұнайлы аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Фитнес - сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 87292 (код) 46-50-91

Шекарасы: Маңғыстау ауылы, Бесшоқы тұрғын үй массивінің № 1-302 үйлері.

Төраға- Ризбаев Суннет Байрамович

Төраға орынбасары – Калдыбаев Жолдыбай Бердибаевич

Хатшы – Шманова Толкын Тлеккалиевна

Комиссия мүшелері: Ялдырова Малика Хайытбаевна, Көбейсін Ринат Асхатұлы, Сапакова Махаббат Кобегеновна, Маймакова Ажар Нурлыханқызы

**№ 265 референдум учаскесі**

Батыр ауылдық округі, Батыр ауылы, Тамшалы шағын ауданы № 8 көше, №66А «Азимут» жекеменшік мектебінің ғимараты, телефон: 8708 /(код) 036-73-72

Шекарасы: Батыр ауылдық округі, Тамшалы шағын ауданының барлық тұрғын үйлері, Шерқала шағын ауданының №7, 8, 9, 10, 11, 12 көшелерінің барлық тұрғын үйлері.

Төраға- Сейілханова Жансая Серғазықызы

Төраға орынбасары – Әуезов Азамат Есенұлы

Хатшы – Туранов Бекзат Абайұлы

Комиссия мүшелері: Елеусинова Алия Аллабердиевна, Изтурлиев Ордабай Мукашович, Хайтбаева Гулшад Ибрагимовна, Назаров Сакен Шамшадинулы

Учаскелік референдум комиссиясының жұмыс уақыты: сағат 09.00-18.30, үзіліс 12.30.-14.00.

**Мұнайлы аудандық аумақтық референдум комиссиясы.**

■ СҰХБАТ

# ОРАЗА – ТАЗАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ АЙЫ



ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ – МҰСЫЛМАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҮШІН АСЫҒА КҮТЕТІН ЕРЕКШЕ МАҢЫЗЫ БАР АЙ. БҰЛ – САБЫР МЕН ШҮКІРШІЛІКТІҢ, МЕЙІРІМ МЕН КЕШІРІМНІҢ, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ АЙЫ. ОСЫНАУ ҚАСИЕТТІ АЙДЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ, ҚАДІР-ҚАСИЕТІ МЕН ОРАЗА ҰСТАУДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН САУАБЫ ТУРАЛЫ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ «МИҒРАЖ» МЕШІТІНІҢ БАС ИМАМЫ РУСЛАН БАЙМҰХАНОВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

**– Руслан Сағынтайұлы, Рамазан айының ерекшелігі неде?**

– Рамазан – бұл барша мұсылман қауымға парыз етілген Исламның бес тірегінің бірі. Рамазан айының негізгі мәні мен мағынасы – адамды сабырға, төзімге, нәпсіні тыюға тәрбиелейді. Таң сәріден күн батқанға дейін ішіп-жеуден тыйылу арқылы пенде өз-өзін тәрбиелейді. Ең бастысы – рухани тазару. Тек ас-судан ғана емес, жаман ой мен орынсыз сөзден де аулақ болу қажет.

**– Оразаның қоғамға берер пайдасы қандай?**

– Рамазан айында адамдар бір-біріне мейірімді бола түседі. Қайырымдылық шаралары көбейеді. Мұқтаж жандарға көмек көрсетіліп, ауызашар дастархандары жайылады. Бұл – қоғамдағы ынтымақ пен бірлікті арттырады. Аш адамның халін сезінген жан жоқ-жітікке жанашыр болады.

**– Аудан көлемінде қандай шаралар жоспарланған?**

– Жылдағыдай ауданымызда Рамазан айын жоғары деңгейде өткізу жоспарлануда, мүфтияттың белгіленген шаралары бойынша жұмыстануға тырысамыз. Мешітімізде күн сайын тарауық намазы оқылады. Рамазан айында ілінетін арнайы баннерлер мен құттықтау сөздер, мүмкіндігінше ауызашар дастархандарын ұйымдастыру, одан кейін балаларға арналған тәттілерге толы «Рамазан қоржыны» таратылады, кәсіпкерлер мен жомарт жандардың қолдауымен әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттері беріледі. Сонымен қатар, жастармен кездесулер, рухани дәрістер өтеді.

**– Осы орайда оқырманға қасиетті Қадір түні, Ораза айт қай күні және пітір садақа көлемі жөнінде айта кетсеңіз?**

– Биылғы Рамазан айында қасиетті Қадір түні наурыз айының 16-шы жұлдызынан 17-не қараған түн, ал Ораза айт күні 20-шы наурыз деп белгіленген. Пітір садақа көлемі 735 теңгені құрайды. Яғни бұл 2 келі ұнның бағасымен есептелінеді. Жалпы ораза ұстаған кісінің оразада кеткен қателіктерін өшіріп, орнын толықтыратын бұл – пітір садақа. Бұл өмірде бар, тірі адамға ғана беріледі, өмірден өткен, марқұм болып кеткендерге және анасының ішінде жатқан балаға берілмейді. Бұл садақаны жалпы жағдайы бар, садақа бере аламын деген барша мұсылман беруіне болады. Біздің Маңғыстау өңірінде көпшілік қауым осы қасиетті айда бас амандығы үшін, отбасы мен мал-жаны үшін пітір садақа беру қалыптасқан. Бұл да жақсы үрдіс, өйткені жылына бір рет келетін қасиетті айда осындай ізгі амалдар жасау арқылы Алла тағаладан бас амандығын тілеп, алдағы өмірінің берекелі болуын сұраудың ешқандай әбестігі жоқ.

**– Ораза ұстаушыларға айтар кеңесіңіз?**

–Ораза тек аш жүру емес, ең бастысы - ниет. Тілге, көзге, жүрекке де ораза ұстату керек. Көркем мінез танытып, туыстық байланысты нығайтып, кешірімді болайық. Рамазан – өзімізді түзейтін ай, құран айы деп жатамыз. Құран оқи алатын жандар үшін үлкен мүмкіндік. Уақытының көп бөлігін құран оқу арқылы Алла тағаламен байланыс жасауға арнаған дұрыс. Ал, Құран оқи алмайтындар жандарын рухани азықпен толтырып, өзіне ұнаған кітап оқыса, зікірлер мен салауаттар айтса болады. Оған да мүмкіндігі жетпесе ешкіммен керіспей, ұрыспай, жаман сөзден тыйылып, біреудің сыртынан ғайбат айтпаса соның өзі ізгі амалдарға жатады.

**– Қасиетті айға қатысты тілегіңіз.**

– Барша аудан тұрғындарын келе жатқан қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймын. Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын! Әр шаңыраққа амандық, береке-бірлік тілеймін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын.

**Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА.**


## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Kentau Group» ЖШС Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданындағы «Карьер-5» кен орнының бөлігінде керамзит сазын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөліміне қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

**Кен орнының географиялық координаттары:** 43°51’33,61” С. Е. 51°21’25,99” Ш. Б.

Өткізу күні 2026 жылдын 27 наурыз сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Баянды а. о., Баянды а., Жомарт Нұрлаев көшесі, 49/3, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша жергілікті уақытта.

**Масштабтаудағы онлайн конференцияға сілтеме:** https://us05web.zoom.us/j/84963914406?pwd=Jxjn5I4nSpdQqrzo7cQ2VTqy7zB8nC.1

**Конференция идентификаторы:** 849 6391 4406. Кіру коды: sK29m2

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады. https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings

**Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган:** Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

**Жоспарланған қызметтің бастамашысы:** «Kentau Group» ЖСШ БСН 140740025810

**Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 31б шағын ауданы, телефон:** +7(702)-483-22-04; электрондық пошта: saken_88-88@mail.ru

ықтимал әсерлер туралы есепті құрастырушы: «ДАЯН-ЭКО» ЖК

**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ: +77021158199.**

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Kentau Group» проводит общественные слушания к РООС к плану горных работ по добыче керамзитовой глины на части месторождения «Карьер-5» в Мунайлинском районе Мангистауской области.

**Географические координаты месторождения:** 43°51’33,61” С.Ш. 51°21’25,99” В. Д.

Дата проведения 27 марта 2026 г. в 15.00 по местному времени по адресу Мангистауская область, Баяндинский с.о., с. Баянды, улица Жомарт Нұрлаев, 49/3, дом культуры.

Ссылка на онлайн-конференцию в зум: https://us05web.zoom.us/j/84963914406?pwd=Jxjn5I4nSpdQqrzo7cQ2VTqy7zB8nC.1

**Идентификатор конференции:** 849 6391 4406. Код доступа: sK29m2

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте

https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings

**Государственный орган по проведению экспертизы:** управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

**Инициатор намечаемой деятельности:** ТОО «Kentau Group» БИН 140740025810

**Мангистауская область, г. Актау, 31Б микрорайон, телефон:** +7(702)-483-22-04; **эл. почта:** saken_88-88@mail.ru

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП «ДАЯН-ЭКО»

**КОНТАКТНЫЙ ТЕЛЕФОН: +77021158199**

№69

## Мұрагерлерін іздеу

Нотариус Туленова Гүлжанар Жаксыбековна 2025 жылы 1 қыркүйекте қайтыс болған **ПИРНИЯЗОВ АМАНТАЙ АЙБАЗАРОВИЧТІҢ** мұрагерлерін іздестіруде. Мұрагерлер хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекен-жай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласу сұралады: **Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 орам, 2/3 ғимарат.**

№70

■ МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 95

ҚЫЗЫЛТӨБЕ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, АҚИЫҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ 95 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ТҰҢҒИЫҚ ЖЫР» ПОЭТИКАЛЫҚ КЕШ БОЛДЫ. ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАҒА ҰСТАЗДАР, ОҚУШЫЛАР МЕН АУДАН ЖАСТАРЫ, ЖАС АҚЫНДАР МЕН АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.



# ТҰҢҒИЫҚ ЖЫР



Кеште ақынның өлеңдері мен сөзіне жазылған әндер орындалды.

Қызылтөбе ауылдық мәдениет үйінің көркемөнерпаздарымен бірге «ZhasStar» театры және «Балдаурен» балалар хоры мен «Кәусар» тобы да осы кеште өнер көрсетті.

Әр жүректің сөзін жырға қосқан қазақтың «ақиығы, мұзбалағы» атанған Мұқағали Мақатаевтың кеші көрерменге сыр мен жырға қанатын қақтырып, сезімді оятатын, жүректі жандыратын әсер сыйлады.

Кештің басты мақсаты - Мұқағали жырлары арқылы жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық әдебиетке деген құрметін арттыру. Шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылып, оның сыршыл лирикасы мен отаншыл рухтағы өлеңдері оқылды.

Мектеп оқушылары мен жас өнерпаздар «Үш бақытым», «Есіңе мені алғайсың», «Саржайлау» сынды шығармалардан үзінділер оқып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Сонымен қатар ақын сөзіне жазылған «Бақыт деген», «Жарығым-ай», «Айтатын саған сырым бұл» әндері шырқалып, кештің көркемдік мазмұнын арттыра түсті.

Мұқағали Мақатаев – жүрекке жол тапқан ақын. Оның «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» деген сөзі ақын болмысының айқын дәлелі іспетті. 95 жылдық мерейтой аясында ұйымдастырылған осындай тағылымды кештер ұлт руханиятын ұлықтап, жас ұрпақтың бойына әдебиетке деген сүйіспеншілікті сіңірері сөзсіз.

**Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА.**

■ ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

# Табиғатты қорғау – ОРТАҚ МІНДЕТ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА АУДАНДА ӨТІП ЖАТҚАН «БРАКОНЬЕР» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ МАҚСАТЫ – БРАКОНЬЕРЛІККЕ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ.

Іс-шара аясында үш қызметкерден құралған 1 мобильдік топ құрылып, аудан аумағында жүйелі түрде профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Шара барысында ауданға қарасты барлық елді мекендер қамтылып, 3 рейдтік іс-шара ұйымдастырылды.

Нәтижесінде барлығы 29 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 382-бабының 1-бөлігіне сәйкес 29 әкімшілік хаттама толтырылды.

Сонымен қатар, Мұнайлы аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция майоры Р.Китаровтың қатысуымен жүргізілген жедел іс-шара барысында аудан аумағында Қазақстан Республикасындағы Қызыл кітапқа енген «балық пен киік етін» заңсыз сою дерегі анықталды. Аталған құқық бұзушылықты Басқұдық ауылының тұрғыны жасағаны белгілі болып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 339-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс тіркелді.



Браконьерлік – табиғатқа орны толмас зиян келтіретін, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің азаюына әкелетін заңсыз әрекет. Мұндай құқық бұзушылық экологиялық тепе-теңдікті бұзып қана қоймай, болашақ ұрпаққа қалатын табиғи байлықтардың жойылуына себеп болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, браконьерлік үшін айыппұл салу, заңсыз ауланған нысандарды тәркілеу, сондай-ақ қылмыстық жауапкершілікке тарту, оның ішінде ірі көлемде айыппұл, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе бас бостандығынан айыру сияқты қатаң шаралар көзделген.

Табиғи байлықтарды қорғауға бағытталған мұндай жедел-профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру басты назарда болмақ.

**Нұржан МАХМУТОВ,**
**аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі.**

БІЛІМ

# ЖАУАПКЕРШІЛІК пен шығармашылық ҮЙЛЕСІМІ

ДӘУЛЕТ АУЫЛЫНДАҒЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН №3 АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАР ОҚИДЫ. МҰНДАЙ БАЛАЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ОСЫНДАЙ ШӘКІРТТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ, КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІ ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ ЖАНАШЫРЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ.



Орыс тілі сабағында оқушылардың сөздік қорын дамытуға, дұрыс дыбыстауға, қарапайым сөйлем құрастыруға басты назар аударылады. Біз үшін әрбір кішкентай жетістік – үлкен жеңіс. Олардың бір сөзді анық айтуы немесе өз ойын қысқа сөйлеммен жеткізе алуы – ұстаз еңбегінің жемісі.

Ерекше балалардың қабылдау, ойлау, есте сақтау қабілеттері әртүрлі деңгейде болғандықтан, әр сабақта оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп, материалды қарапайым әрі түсінікті түрде жеткізуге тырысамын. Сабақ барысында көрнекіліктер, тірек сызбалар, ойын элементтері, қайталау жаттығулары кеңінен қолданылады. Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, жаңа білімді жеңіл қабылдауына көмектеседі.

Жақында 8-сынып оқушыларына «Зимние забавы. Одушевленные и неодушевленные имена существительные» тақырыбында ашық сабақ өткіздім. Сабақтың мақсаты – оқушыларға қысқы ойын-түрлері туралы түсінік бере отырып, жанды және жансыз зат есімдерді ажырата білуге үйрету болды.

Сабақ барысында қыс мезгіліне байланысты суреттер, сөздік карточкалар, деңгейлік тапсырмалар қолданылды. Оқушылар «коньки», «санки», «снеговик», «дети», «зима» сияқты сөздерді талдап, олардың жанды немесе жансыз зат есім екенін анықтады. Практикалық тапсырмалар арқылы балалар сұрақ қою (кто? что?) дағдыларын бекітті. Ойын элементтері сабақтың тартымдылығын арттырып, оқушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік берді.

Ең бастысы – оқушылардың сабаққа қызығушылығы артты және өздеріне деген сенімі нығайды. Ерекше білім беру жағдайында әрбір кішкентай жетістік – үлкен нәтиже болып саналады.

Арнайы мектеп жағдайында орыс тілі сабағын ұйымдастыруда мұғалімнен жоғары кәсіби дайындықпен қатар, шыдамдылық пен шығармашылық ізденіс талап етіледі. Тақырыпты өмірмен байланыстыру, көрнекілікті тиімді пайдалану және ойын элементтерін енгізу – білім сапасын арттырудың тиімді жолы.

«Зимние забавы» тақырыбындағы ашық сабақ тәжірибесі көрсеткендей, жүйелі және мақсатты жұмыс арқылы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға толық мүмкіндік бар.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін әрбір дұрыс жауап – үлкен жетістік. Ашық сабақ барысында оқушылар өз білімдерін көрсете білді, тапсырмаларды орындауға талпынып, бір-біріне қолдау көрсетті. Бұл – жүйелі еңбектің нәтижесі.

Арнайы мектептегі ұстаздың басты міндеті – тек білім беру емес, баланың өзіне деген сенімін арттыру. Әрбір жетістік – болашаққа жасалған сенімді қадам. Сондықтан мен өз жұмысымды тек мамандық емес, жүрек қалауым деп білемін.

Ерекше балалармен жұмыс – шыдамдылық пен мейірімді талап ететін, бірақ сонымен қатар үлкен рухани қуаныш сыйлайтын сала. Әр баланың бойындағы мүмкіндікті ашу – ұстаз еңбегінің ең үлкен жемісі. Бұл салада кәсіби біліммен қатар, төзімділік, сабырлық және шынайы жанашырлық қажет. Себебі мұндай шәкірттер үшін мұғалім тек білім көзі емес, сенімді тірек, бағыт-бағдар беруші тұлға.

Бүгінгі таңда инклюзивті және арнайы білім беру жүйесі қоғамда ерекше маңызға ие. Әр бала – болашақтың бір бөлшегі. Олардың сапалы білім алып, өз орнын табуына жағдай жасау – ортақ міндет. №3 арнайы мектеп ұжымы осы бағытта аянбай еңбек етіп келеді. Ерекше балалардың әрбір жетістігі – үлкен қуаныш әрі болашаққа деген сенім.

**Гүлайым БАЙКУЛОВА,**
**№3 арнайы мектебтің орыс тілі пәнінің мұғалімі.**

Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA
Директор – Ануарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел.факс: 20-48-34
mangystau.media@mail.ru

МҰНАЙЛЫ
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13358-Г куәлігі берілген.
Редактор – Мұрат ЖЕТЕКБАЙ.
ТІЛШІЛЕР: – Ту-Бегі АБЫЛАЙ, Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Жетекші – Гүлнара ТАСБОЛАТОВА.
Беттеуші дизайнер: Ш.Аязбаева.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005. Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел.8 7122 458-660, 586-392.
Тапсырыс №0187.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Таралымы: 701. Индекс: 66553.
Газеттің бағасы келісімді.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

17 ақпан
түнде: +5 күндіз: +14

18 ақпан
түнде: +4 күндіз: +7

19 ақпан, жаңбыр
түнде: +2 күндіз:+6

20 ақпан
түнде: -1 күндіз: +3

21 ақпан
түнде: -1 күндіз: +6